



Республикалық жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының арасында Жамбыл Жабаевқа арналған «Жыр алыбы – Жамбыл» атты республикалық жас ақындар айтысын өткізудің

## ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ережелер республикалық жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының арасында өтетін республикалық Жамбыл Жабаевқа арналған «Жыр алыбы – Жамбыл» тақырыбындағы жас ақындар айтысының мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Республикалық жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының арасында өтетін Жамбыл Жабаевқа арналған «Жыр алыбы – Жамбыл» тақырыбындағы жас ақындар айтысының мақсаттары мен міндеттері:

- республикалық оқу орындары оқушылары арасында Жамбыл Жабаевтың шығармаларын насихаттау;
- республикалық жалпы білім беретін оқу орындарының оқушыларының суырып салмалық қабілеттерін, тума талант, табиғи дарындарын анықтау;
- оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, ауыз әдебиетінің маңызын, өлең сөзінің күдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге үйрету;
- айтыскер жас ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, олармен шығармашылық жұмыс түрлерін жандандыру.
- осы байқауға сәйкес жыр-терме айту үрдісін жаңғырту;

### II. Айтыстың шарттары

2.1. Айтысқа қатысатын оқушылар поэзияны сүйетін, оны тақырыбына сай талдай алатын, «өлең – сөздің патшасы» екендігін жанымен түсіне білетін, өз ойын жан-жақты жеткізетін, суырыпсалмалық (импровизаторлық) өнерге қабілетті болуы шарт.

2.2. Республикалық айтысқа қатысуға облыстық айтыстың жеңімпаздары жіберілуі керек.

2.3. Айтысқа қатысушы жыр дүлдүлі Ж.Жабаев туралы 3 - 5 шумақтан тұратын өзі шығарған өлеңді, тапсырыспен қоса ұйымдастыру комитетіне алдын алу өткізуі шарт.

2.4. Айтысқа қатысушы үміткерлер ел-жер тарихы, қоғам қайраткерлері, тіл мәселесі, ауыл проблемасы, оқу мен тәрбие жайы, жастар болашағы, қоғамдағы қазіргі жағдайлар туралы, сондай-ақ, Жамбыл Жабаевтың шығармашылығынан және оның айналасындағы ақын-жыраулар поэзиясынан хабардар болып, қарсыласына қолма-қол жауап бере алатындай болуы шарт. Әр жұптың айтысы 20 минуттан аспауы керек.

2.5. Айтыс екі номинация бойынша өтеді

- **Тақырыптық айтыс** Бұл жерде оқушылар Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын, жалпы елдегі хал-ахуалы туралы жырлап, бір-біріне мәңгі де мағыналы жауап қайтара білу шарт.

- **Қайым айтыстың негізгі шарты** — айтысты бастаған қарсыластың айтқан өлеңінің алғашқы екі жолын бұзбай, мағыналық тұрғыда ғана сәл өзгертіп, немесе сол қалпында сақтап соңғы екі жолында жауап қайтаруы шарт. Қайым айтыс — нағыз суырып салмалықты, шапшаңдық пен тапқырлықты, жедел ой қорытын, салмақты жауап қайтаруды қажет ететін айтыстың ең қызық түрі.

Айтысқа 8-11 сынып оқушылары қатыса алады. Әрбір аудандық (қалалық), облыстық білім мекемелері жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасынан республикалық айтысқа әр номинация бойынша 1(бір) үміткер әр облыстан 2 үміткер ұсынады. Қатысушының аты- жөні, облысы, ауданы (қаласы), мектебі, сыныбы, жетекшісінің аты- жөні, телефоны туралы толық мәліметі бар тапсырысты облыстық білім басқармасына [almobldo@mail.ru](mailto:almobldo@mail.ru) немесе [rus.aryslanov.77@mail.ru](mailto:rus.aryslanov.77@mail.ru) ( байланыс телефоны т/ф (87282) 600446. 87023747709, 87056264567) жіберулері керек. Алдыңғы жылдардағы «Жыр алыбы- Жамбыл» айтыстарының бас жүлде алған жеңімпаздары бұл байқауға қатыса алмайды.

2.6. Айтыстың бірінші кезеңін өткізудің нақты мерзімін тиісті білім бөлімдері мен мекеме басшылары белгілейді.

2.7. Айтыстың екінші – республикалық кезеңі ағымдағы жылдың ақпан айында Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы Мәдениет үйінде өтеді. Айтысқа қатысатындар Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы Рысқұлов атындағы орта мектеп жанындағы мектеп-интернатқа орналасады. Мекен-жайы: Сүйінбай көшесі, 27 – үй. Айтысқа қатысатын оқушылардың дәрігерлік (эпидокружение) анықтамасы міндетті түрде болуы керек.

### III. Қаржыландыру

3.1. Айтыстың бастапқы кезеңі – іріктеу турын өткізуді қаржыландыруды тиісті білім органдары жүзеге асырады.

3.2. Айтысқа қатысушылардың жолда жүруге байланысты шығындарын, орналастыруын жіберіп отырған мекеме көтереді.

3.3. Айтысқа қатысушыларды тамақтануға, марапаттауға және жүлделері мен кеңсе заттарын сатып алуға, залды безендіруге байланысты шығындарды облыстық білім басқармасы көтереді.

### IV. Жұмыс органдары

4.1. Республикалық білім мекемелері оқушыларының арасында өтетін Ж.Жабаевқа арналған “Жыр алыбы – Жамбыл” тақырыбындағы жас ақындар айтысын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру және үйлестіру мақсатында облыстық білім басқармасының бұйрығымен ұйымдастыру комитеті құрылады.

4.2. Ұйымдастыру комитетінің құрамына облыстық білім басқармасы мен облыстық мекемелердің қызметкерлері, жергілікті басқару органдары, тиісті қалалық білім бөлімінің жетекшілері енгізіледі.

4.3. Республикалық білім мекемелері оқушыларының арасында өтетін Ж.Жабаевқа арналған “Жыр алыбы – Жамбыл” тақырыбындағы жас ақындар айтысын өткізудің ұйымдастыру комитеті:

- Республикалық мектеп оқушыларының арасындағы жас ақындар айтысын өткізудің жалпы тәртібін белгілейді;
- тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;
- Республикалық мектеп оқушыларының арасындағы жас ақындар айтысының қорытындысына талдау жасайды және жинақтап қорытады;
- Республикалық мектеп оқушыларының арасындағы жас ақындар айтысының қорытындысы туралы баспасөзге жариялайды.

4.4. Ұйымдастыру комитетінің төрағасы – облыстық білім басқармасының бастығы.

### V. Қазылар алқасы

5.1. Республикалық білім мекемелері оқушыларының арасында өтетін Ж.Жабаевқа арналған “Жыр алыбы – Жамбыл” тақырыбындағы жас ақындар айтысының қазылар алқасының құрамы төрағадан, хатшыдан және 3-5 алқа мүшелерінен тұрады.

5.2. Қазылар алқасының құрамын ұйымдастыру комитетінің ұсынуы бойынша облыстық білім басқармасының бастығы бекітеді.

5.3. Қазылар алқасы:

- айтыскердің өлеңді ұйқастыру қабілетіне, суырып салмалық қасиетіне және тақырыптан ауытқымай айтысуына, сахнада өзін-өзі ұстау шеберлігіне, киім киісіне талдау жасайды. Әр айтыскерді 10 баллдық жүйемен бағалайды;
- қатысушылардың өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды бөледі;
- республикалық мектеп оқушылары арасындағы жас ақындар айтысының қорытындысы бойынша облыстық білім басқармасына есеп береді.

## **VI. Жүлдегерлерді марапаттау**

6.1. Республикалық білім мекемелері оқушыларының арасында өтетін Ж.Жабаевқа арналған “Жыр алыбы – Жамбыл” тақырыбындағы жас ақындар айтысының ашылуы және қорытындылап жабылуы, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі салтанатты түрде өтеді.

6.2. 1-кезеңдегі жас ақындар айтысының жеңімпаздары тиісті білім мекемелерінің дипломдарымен, ынталандыру грамоталарымен және ескерткіш сыйлықтармен марапатталады.

6.3. Республикалық айтыстың жүлдегерлері қазылар алқасының шешімі бойынша облыстық білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарымен, ынталандыру грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

6.4. Республикалық айтыста 7 жүлделі орын: Бір – бас жүлде, бір - I орын, екі – II орын, үш – III орын, төрт арнайы жүлде белгіленеді.